

**2023-2024 оқу жылында қосымша бағдарламалар мен жобалар
шегінде атқарылған жұмыстарға
А Н Ы Қ Т А М А**

17-қазан күні қосымша білім беру педагогының жылдық жұмыс жоспарына және мектептегі «Жас мобилограф» үйірмесінің жылдық жоспарына сәйкес, Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай, «Түркі жұрты тәу еткен...» тақырыбында 7-9-сынып оқушылары арасында бейнеролик байқауы өткізілді. Нәтижесінде, 9-сынып оқушысы Әділбек Аяулым 1-орын, 8-сынып оқушысы Нұралы Мадияр 2-орын, 7-сынып оқушысы Дарқанғали Назым 3-орын иеленді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/zank.oza.batyr.aulyly.mektebi.2025/videos/870986374608846>

20-қазан күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени- ағарту жобасы бойынша Республика күніне орай, «Туған жерім- мақтанышым» атты жазба ақындар айтысы мен «Домбырашылар» үйірмесі мүшелерінің қатысуымен күй айтысы өткізілді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/100090221118711/videos/pcb.280243478326354/210307755420046>


24-қазан күні мектебіміздегі «Жас сарбаз» үйірмесінің жетекшісі Аралбаев Алматтың ұйымдастыруымен, үйірме жоспарына сәйкес, үйірме мүшелері арасында Қазақстанның халық қаһарманы, партизан – жазушы, Ұлы Отан соғысының батыры Қасым Қайсеновтың 105 жылдығына орай, пневматикалық мылтық ату сайысы өткізілді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=278640231820012&set=pcb.278640651819970>

Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толуына орай, 2-қараша күні 1223-1227 жылдары билік құрған, Египетте мамлюктер мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы Сұлтан Бейбарысқа арналған, 9-10 сынып білім алушылары арасында оқушылар конференциясы өтті.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo?fbid=283581434659225&set=pcb.283582794659089>

8-қараша күні мектебіміздегі «Мультимедиялық журналистика» үйірмесінің жұмыс жоспарына сәйкес, үйірме мүшесі 10-сынып оқушысы Алтынбай Қарақат «Ұстазым – ұлағатым, үлгі-өнегем» тақырыбымен, мектебіміздің ұлағатты, ардагер ұстазы Сәлима Нұфтуллақызымен сұхбат жүргізді. Мақсаты: ардагер ұстазымыздың оқушылық өміріне шолу жасап, бүгінгі білім алушылардың тәлім- тәрбиесіне деген көзқарасын білу және ақыл- кеңесін тыңдау.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/zank.oza.batyr.aulyly.mektebi.2025/videos/893334005083604>

17-қараша күні 5-7-сынып оқушылары арасында Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына 360 жыл толуына орай «Туралықты тұғыр еткен Төле би» атты би-шешендер бейнесін сомдау арқылы қойылымдар қоюдан сайыс өтті. Нәтижесінде, "Төле бидің әділдігі" атты қойылым қойған, 7"Б" сыныбы /жетекшісі: Ахметова Мөлдір/ І орын, "Қазыбек бидің шешендігі" қойылымымен ІІ орын иеленген 5-сынып /жетекшісі: Жәлі Гүлмира/ және "Төле би мен Данагүл" қойылымымен ІІ орын иеленген 7 "А" сыныбы /жетекшісі: Ерішова Жанар/ дараланды. Сонымен бірге, ІІІ орынды "Қазыбек бидің шешімдері" қойылымымен 6 "Б" сыныбы /жетекшісі: Жұмағұл Жанат/ мен "Қазыбек би" қойылымымен 6 "А" сыныбы /жетекшісі: Пірімжар Айымкүл/ иеленді. Сайыс барысында ерекше көзге түсіп, "Үздік шешен бейнесін сомдаушы" бағамын иеленген, 5-сынып оқушысы Қожас Нұрислам, "Үздік би бейнесін сомдаушы" бағамын иеленген, 7 "Б" сынып оқушысы Жетес Нұрдәулет, "Үздік қыз бейнесін сомдаушы" бағамын иеленген 7 "А" сынып оқушысы Шымберген Еркеназ марапатталып, көрермен көзайымына айналды.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/search/top/?q=«Туралықты%20тұғыр%20еткен%20Төле%20би»%20>

20-қараша күні, «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы бойынша, дүниежүзілік балалар күнін мерекелеу күніне орай, дене шынықтыру пәні бойынша "Ұлттық ойын" үйірмесі мүшелерінің қатысуымен, "Алтын сақа" олимпиадасы өтті. «Алтын сақа» олимпиадасының мақсаты – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру, батылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу, ептілікті, қырағылықты және дәлдікті дамыту. Шара барысында, белсене қатысып, жүлдегер болған 9-сынып оқушыларына марапаттар берілді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/search/top/?q=%22Ұлттық%20ойын%22%20үйірмесі%20мүшелерінің%20қатысуымен%2C%20%22Алтын%20сақа%22%20олимпиадасы%20өтті>

16-қаңтар күні, мектебімізде өткізіліп жатырған "Атамұра" бірлестігінің "Ұлттық тарих, ұлттық тіл - сарқылмайтын байлығым" атты апталығы аясында, қосымша білім беру педагогы, тарих пәнінің мұғалімі Б.Құрманәлінің ұйымдастыруымен, 11-сыныптағы үздік білім алушылар арасында "Тәуелсіз елдің Дарабозы" зияткерлік сайысы өтті. Сайыс 6 кезеңнен тұрды: Білгенге маржан, Бәйге, Жеті жұмбақ, Дода, Жорға, Дарабоз. Сайыстың әрбір кезеңінде төмен ұпай жинаған оқушылар сайыстан шеттетіліп отырды. Нәтижесінде, Әлібек Шерхан "Дарабоз" боп танылды.

"ҰЛТ" кезеңі					
Жарықтандыру кезеңі	I	II	III	IV	V
Түрлендірілу кезеңі	I	II	III	IV	V
Жауапкерлік	I	II	III	IV	V



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/search/top/?q=Тәуелсіз%20елдің%20дарабозы>

5-қаңтар күні Ақын, жазушы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, демократ – ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 130 жылдығына орай 5-сынып оқушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Нәтижесінде, көркемсөз оқу шеберлігімен көзге түскен оқушыларымыз 1,2,3-орындармен және алғыс хаттармен марапатталды.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=336256386058396&set=a.110752385275465>

29-қаңтар күні, "Әлемді ғылым арқылы тану - табиғаттың сырын табу" атты жаратылыстану - математикалық бағыттағы пәндер бірлестігінің онкүндігі аясында, қосымша білім беру педагогының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес, "Сиқырлы математика" үйірмесінің жетекшісі Пірімжар Айымкүлдің ұйымдастыруымен 5-6-сынып білім алушылары арасында "Жас Дарын" математикалық сайысы өтті. Сайысқа қатысушылар "Адасқан сөздер", "Блиц-турнир", "Бәйге", "Пазл құрастыру" шарттары бойынша сынға түсті. Нәтижесінде, шапшаңдығымен, есепке жүйріктігімен көзге түскен 5-сынып оқушысы Серік Әлфия I орын, 6-сынып оқушылары Балабаева Аида мен Мамайұлы Мұхаметәли II орын, 5-сынып оқушысы Жидебай Айтқали III орын иеленді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/search/top?q=%22Жас%20Дарын%22%20математикалық%20сайысы>

9-ақпан күні қазақтың көрнекті жазушысы, драматург Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, ақын, батыр Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл толуына орай, 6-10 сынып оқушылары арасында «Қазақ тарихындағы батырлар бейнесі» тақырыбында драмалық қойылымдар байқауы өткізілді. Байқауда оқушыларымыз Жанқожа батыр, Ақтан батыр, Кенесары батыр бейнелерін сомдап, керемет қойылымдар көрсете білді. Нәтижесінде, жақсы өнерімен көзге түсіп, жүлделі I орын иеленген 10-сыныптың «Жанқожа батырдың орыс жазалаушыларына қарсы күресі» атты қойылымы болды. Одан кейінгі II-орын мен III орындарды 7 «Б» сыныбының «Махамбет пен Исатай батыр», 9 – сыныптың «Ақтан батыр» атты қойылымдары бөлісті.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo?fbid=609140398769992&set=pcb.609112895439409>

15-ақпан күні республикалық «Ақ шағала» хореографиялық фестиваль байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді. Байқауға 5-8 сынып оқушыларынан, әр сыныптан 8 қатысушыдан тұратын бишілер тобы қатысты. Нәтижесінде, байқаудың барлық талаптарына сай келген 5-сыныптың «Көркем-ай» бишілер тобы, жүлделі I-орын иеленіп, аудандық кезеңге жолдама алды. Байқау барысынан суреттер мен видеолар түсіріліп, әлеуметтік желіге жарияланды.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/100023353420473/videos/pcb.1331546967633738/914035933132184>

29-ақпан күні, «Жас мобилограф» үйірмесі мүшелерінің арасында, үйірме жетекшісі Ерішова Жанардың ұйымдастыруымен «Алғыс айту» күніне бейнематериалдар байқауы өтті. Нәтижесінде, 7 «Б» сыныбының бейнебаяны үздік деп танылды. Нәтижесі мен байқау барысы әлеуметтік желіге жарияланды.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo?fbid=360972883586746&set=pcb.360977360252965>

18-наурыз күні «Төрт тоқсан- төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы бойынша, Наурыз мерекесі аясында, ұрпақтар сабақтастығын дамытып, оқушылардың ұлттық өнерге, халық өнеріне, жеке адамның, отбасының, жалпы қоғамның құндылықтарын түсіну мақсатында «Ұлттық өнер» көрмесі ұйымдастырылды. Көрме негізінен «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағарту жобасы аясында өтті. Шараның негізге алған бағыты балалардың шығармашылық әлеуетін арттыру, мәдениет пен өнер арқылы сұлулық әлеміне баулу, ел тарихына деген мәнділігі мен қызығушылығын арттыру, патриотизмге және туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=373003435717024&set=pcb.373003695716998>

5-сәуір күні мектебімізде Техникалық, шығармашылық және өнертапқыштардың (әуе, зымыран, көлік кеме құрастыру) республикалық жарысының мектепішілік кезеңі өткізілді. Сайысқа 7-сынып оқушысы Оңғарбай Мәди «Тікелей жүретін автотрассалық модельдер» бағамы бойынша, 8-сынып оқушысы Дарқанғали Нариман «Радиомен басқарылатын көлік моделі» бағамы бойынша қатысып, нәтижесінде жүлдегер болған, 8-сынып оқушысы Дарқанғали Нариман аудандық кезеңге жолдама алды. Аудандық кезеңнен де жүлделі ІІ орын иеленді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/zank.oza.batyr.auly.mektebi.2025/posts/pfbid0tNNcdUMdjy74YCJZ3PojaCNZTgF1ShqgEzagJDus1FbZYcGni7GDRxBZ2pvpoeM5l>

Мамыр айының 3-і күні мектебіміздегі «Шебер қолдар» үйірмесінің жетекшісі Нуфтуллаев Рүстемнің ұйымдастыруымен «Бояулар құпиясы» сурет салу байқауы өткізілді. Балалардың елін, жерін сүюге, отанының патриотты болуға, өз елімен мақтана білуге тәрбиелеу және дарынды жас суретшілерді шығармашылық ізденіске баулу мақсатында ұйымдастырылған, байқауға «Шебер қолдар» үйірмесіне қатысатын барлық оқушылар қатысты. Нәтижесінде, 1-орын иеленген 8-сынып оқушысы Мінажадин Мұхамеджан аудандық кезеңге жолдама алды. Басқа оқушылар 2,3-орын және алғыс хаттармен марапатталды. Мұхамеджан аудандық кезеңнен де 1-орын иеленіп, 17-мамыр күні өткен облыстық «Бояулар құпиясы» сурет байқауына қатысып, жүлделі ІІ орын иеленді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

[https://www.facebook.com/photo/?fbid=412079841809383&set=pcb.412079868476047&_cft_\[0\]=A_ZXOPx74uwMVXKWee3x5Zx1ZlvE9Zw8_QnyKSTXOSCzI20KIHu6XxQxdlcDpoamJ6WbMtnX5W3QF2x1jU8NMilqSYaEZKOLq_bpQ9Ofq33AUKd43TpRHbMMevfKVl9c6uSQ3612wFL32jC5uJhcSuSyDYmXTF4wmVYeAgVPMG_oLGj6QORenLWLTm5kUKRmsfiY&_tn_*=b0H-R](https://www.facebook.com/photo/?fbid=412079841809383&set=pcb.412079868476047&_cft_[0]=A_ZXOPx74uwMVXKWee3x5Zx1ZlvE9Zw8_QnyKSTXOSCzI20KIHu6XxQxdlcDpoamJ6WbMtnX5W3QF2x1jU8NMilqSYaEZKOLq_bpQ9Ofq33AUKd43TpRHbMMevfKVl9c6uSQ3612wFL32jC5uJhcSuSyDYmXTF4wmVYeAgVPMG_oLGj6QORenLWLTm5kUKRmsfiY&_tn_*=b0H-R)

29-наурыз күні мектептегі дарынды балалар арасында Республикалық "Менің Отаным - менің бастамам" атты шығармашылық жобалар байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді. Байқауға екі номинация бойынша қатысқан 9-сынып оқушысы Оңғарбай Ақнұр мен 8-сынып оқушылары Құлпыбаева Ақмарал мен Нұралы Мадияр жеңімпаз атанып, аудандық кезеңге қатысты. 3-сәуір күні өткен аудандық кезеңде, "Жаңғырту полюсі" номинациясы бойынша қатысқан мектебіміздің 9-сынып оқушысы Оңғарбай Ақнұр /жетекшісі:Құрманәлі Бағила/ мен "Менің отбасым: сабақтастық, құндылықтар және мәні" номинациясы бойынша қатысқан мектебіміздің 8-сынып оқушысы Құлпыбаева Ақмарал /жетекшісі:Тоқтабаева Мерует/ жүлделі І орын иеленіп, облысқа жолдама алды. "Қазақстанның 100 жаңа есімі" номинациясы бойынша қатысқан мектебіміздің 8-сынып оқушысы Нұралы Мадияр /жетекшісі: Құрманәлі Бағила/ Алғыс хат иеленді. Облыстық кезеңде Құлпыбаева Ақмарал 3-орын иеленді.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo?fbid=383754134641954&set=pcb.383709794646388>

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=383754334641934&set=a.110752385275465>

14- мамыр күні “Қазақстан балалары шексіз әлемде” балалар киносының республикалық фестивалінің мектепшілік кезеңі ұйымдастырылып, нәтижесінде, “Үздік әлеуметтік жарнама” номинациясы бойынша жеңімпаз атанған 9-сынып оқушысы Нағашыбаева Әсел аудандық кезеңге жолдама алды. Аудандық кезеңнен 2-орын иеленіп, олжамен оралды.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo?fbid=619420804408618&set=pcb.619411144409584>

28-мамыр күні мектебіміздегі «Болашақ» драма үйірмесі мүшелерінің ұйымдастыруымен «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық байқауының аудандық кезеңіне қатысу мақсатында, драмалық қойылым болды. Көпшіліктің ықыласына бөленген драма үйірмесінің мүшелері сомдаған кейіпкерлер сәтті орындалғаны айтылып, алдағы өтетін аудандық байқауға сәттілік тіледі.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=252489081101794&set=pcb.252487777768591>

30-мамыр күні мектебіміздегі “Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам” атты физика пәні үйірмесінің жетекшісі Қалиева Шаттықтың ұйымдастыруымен, мектепшілік “Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам” байқауы ұйымдастырылды. Нәтижесінде, жеңімпаз атанған 6-сынып оқушысы Оңғарбай Кәусар мен 5-сынып оқушысы Ерболұлы Сабыржан аудандық кезеңге жолдама алды. Аудандық кезеңге қатысқан екі оқушы да Алғыс хатпен марапатталды.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/search/top/?q=Ұлы%20өнертапқыштыққа%20алғашқы%20қадам>

“Өлкетану” үйірмесінің мүшесі 8-сынып оқушысы Сағынтай Гүлжайна мектепшілік, аудандық және облыстық “Яссауитану” байқауына қатысып, 1-орын иеленіп, республикалық “Яссауитану” байқауының Мақтау қағазын иеленді. Үйірме жетекшісі: Әбдіразақ Индира.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=394154256935275&set=pcb.394154273601940>

8-қараша күні Қызылорда қаласында өткізілген «Ләңгі тебуден» облыстық кезеңіне мектебіміздегі “Ұлттық ойындар” секциясының мүшелері қатысып, жүлдегер атанды. Секция жетекшісі: дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Қожаниязов Алпамыс. Жеңімпаздар: Бахиев Мәди- 11-сынып, Қалабай Олжас - 10-сынып, Алпамыс Нұрасыл - 8 «А» - сынып, Жетес Нұрдәулет - 8 «Б» - сынып, Сатаев Мадияр - 8 «Б» - сынып.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=534575432893156&set=pcb.534558576228175>

Аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Жыл мұғалімі - 2023» байқауына, қосымша білім беру педагогы ретінде қатысып, жүлделі І орын иелендім.



Әлеуметтік желіге сілтеме:

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=304582815892420&set=pcb.304582852559083>

Осындай нәтижелі жұмыстарымызбен оқу жылын аяқтадық.